

**Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің бракераждық комиссия отырысының**

**№ 1 ХАТТАМАСЫ**

**Қатысқаны -**

**Күні: 26.08.2022**

Комиссия төрағасы, мектеп-лицей директоры – Б.С.Тумурзаев

**Бракераждық комиссиясының мүшелері:**

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Г.Ибрашева

Қамқоршылық кеңес төрағасы: М.Аралбаев

Қамқоршылық кеңес мүшесі: Ғ.Илькибаев

Ата-аналар комитеті төрағасы: О.Жұмашұлы

Бастауыш сыныптар бойынша оқу-ісі жөніндегі орынбасары: У.Маденова

Мектеп әлеуметтік педагогы: М.Абдуллаева

Мектеп медбикесі: З.Абасилова

Бас аспазшы – С.Тажибаева

**Күн тәртібінде:**

- 1.Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу мақсатында бракераждық комиссиясын құру. Бракераждық комиссиясының отырысын ұйымдастыру. Комиссия мүшелерінің міндеттерімен таныстыру.
- 2.Асхана мен қойманың санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес болуын қадағалау, жаңа оқу жылына дайындығын анықтау.

**Тындалды:**

**1-мәселе** бойынша мектеп-лицей директоры Б.С.Тумурзаев жаңа оқу жылында мектеп-лицейінің асхана және тамақтанудың сапасына мониторинг жүргізу мақсатында бракераждық комиссиясы құрылғаны туралы 20.08.2022 жылғы №293 бұйрық әзірленгенін айтты. Бұйрыққа сәйкес төмендегі құрамда комиссия бекітіліп міндеттерімен таныстырылды.

Комиссия төрағасы, мектеп-лицей директоры – Б.С.Тумурзаев

**Бракераждық комиссиясының мүшелері:**

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Г.Ибрашева

Қамқоршылық кеңес төрағасы: М.Аралбаев

Қамқоршылық кеңес мүшесі: Ғ.Илькибаев

Ата-аналар комитеті төрағасы: О.Жұмашұлы

Бастауыш сыныптар бойынша оқу-ісі жөніндегі орынбасары: У.Маденова

Мектеп әлеуметтік педагогы: М.Абдуллаева

Мектеп медбикесі: З.Абасилова

Осы комиссия мүшелері тағам өнімдерінің қабылдануына, олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттардың болуына, бекітілген апталық ас мәзірі бойынша оқушылардың дұрыс тамақтануының ұйымдастырылуына, асхана мен қойманың санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес бақылау жүргізетіндігін айтты. Тамақтандырудың ұйымдастырылуын қадағалау және бракераждық комиссиясы өз қызметінде «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 және «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту



туралы» ҚР ДСМ 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ-16 бұйрықтарын басшылыққа алады.

**2-мәселе** бойынша директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары Г.Ибрашева сөз алып асхана мен қойманың санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкестігі және жаңа оқу жылына дайындығы туралы айтты. Асхана мен қоймаға ағымды жөндеу жұмыстары жүргізілген, тағам өнімдерін сақтауға 4 тоңазытқыш 2 мұздатқыш қарастырылған, тоңазытқыш пен мұздатқыштар іске қосылған.

Мектеп-лицей медбикесі Абасилова Зухра перспективалық ас мәзірі бойынша күн сайын алдағы күнге ас мәзірін бекітеді және оны асханаға қолжетімді жерге орналастырады. Тамақтану залы 466 оқушыға арналған, оқушылар кестеге сәйкес тамақтанады, қол жууға 17 қолжуғыш пен 2 электркептіргіштер орнатылған, су сабындарымен қамтамасыз етілген. Тамақтану залында ауаны зарарсыздандыру үшін ауа рециркуляторы орнатылған, күніне екі мезгіл кестеге сәйкес зарарсыздандыру жұмыстары жүргізіледі. Асхана қызметкерлері 2 ауысым арнайы киімдерімен жабдықталған, қол жууға арнайы қолжуғыш пен электркептіргіш орнатылған. Асхана ыдыстары жеткілікті, сынбаған, жуу және залалсыздандыру заттары жеткілікті мөлшерде.

Тағам өнімдері сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттармен қабылданады. Сақтау үшін қоймада талаптары орындалған. Қойманың температурасын және ылғалдылығын анықтау үшін гигрометр орнатылған.

Бракераждық комиссиясы санитарлық талаптарының орындалуына айына 1 рет бақылау жүргізілетінін айтты.

Бракераждық комиссиясының отырысының соңында мектеп-лицейінің медбикесі Абасилова Зухра сөз алды. Асхана мен қойманың санитарлық талаптарға сай, оқушылардың тамақтануына азық-түліктің талапқа сай қабылданатынын айтты, тағам өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттар толығымен жинақталған. Асханада жұмысқа қажетті құрал-жабдықтар мен тамақтануға арналған ыдыстары, жуу құралдары, залалсыздандыру заттары жеткілікті. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ-нің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 және «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» ҚР ДСМ-нің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ-16 бұйрықтарын басшылыққа алып қызметін атқарады. Жаңа оқу жылына оқушылардың тамақтануын ұйымдастыруға дайын екендігін мәлімдеді.

#### Шешім етті:

1. Мектеп –лицейінің асхана мен қойманың тазалығы санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес қадағалансын.
2. Мектеп-лицей директорымен бекітілген ас мәзірі бойынша тамақтану ұйымдастырылсын. Тағам өнімдерінің сапасына және сақталуына аса назар аударылсын, қадағалау жұмыстары жүргізілсін.

Бракераждық комиссия төрағасы:

Хатшы



Б.С.Тумурзаев

С.Рамберді